



Бекітемін

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы
Алматы энергетика және
байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының ректоры

Ғ.С. Нығметов
2025ж.



**Energo University сапаны қамтамасыз ету
САЯСАТЫ**

Energo University тұрақты болашақ үшін білім мен технологиялардың экожүйесін қалыптастыра отырып, білім, ғылым, инновация, цифрландыру және кәсіпкерлікті интеграциялау арқылы өз қызметін үздіксіз дамытуға және жетілдіруге бағытталған. Негізгі мақсат бәсекеге қабілеттілікті арттыру және 2030 жылға дейінгі АЭЖБУ КеАҚ Даму стратегиясына сәйкес халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне интеграциялану болып табылады.

Стратегиялық мақсат.

Energo University білім беру үдерісіне озық технологияларды, цифрландыруды және кәсіпкерлік экожүйесін енгізе отырып, Орталық Азиядағы жетекші энергетикалық және техникалық университетке айналуы көздейді.

2030 жылға дейінгі АЭЖБУ КеАҚ Даму стратегиясына сәйкес Университет алдына келесі міндеттерді қояды:

- Энергетика, байланыс, ғарыш және ақпараттық технологиялар салалары үшін мамандар даярлау бойынша көшбасшылықты қамтамасыз ету.
- Оқыту мен университеттік процестерді жекелендіру үшін цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектті енгізу.
- Кәсіпкерлікке, тұрақты дамуға және халықаралық ынтымақтастыққа басымдық беретін инновациялық білім беру ортасын құру.
- Жаңартылатын энергия, автоматтандыру мен интеллектуалды жүйелермен қатар басым бағыттар бойынша ғылыми зерттеулерді дамыту.

Сапаны қамтамасыз ету саясатының негізгі қағидаттары:

- 1) Университеттің миссиясына, көзқарасына және құндылықтарына негізделу.
- 2) Білім беру үдерісінде цифрландыру мен жасанды интеллектті қолдануға стратегиялық бағытталу.
- 3) Студенттерге бағытталған оқыту моделін, инновациялық білім беру технологияларын және креативті индустрияларды қолдау.
- 4) Академиялық жетілдіру және әлеуметтік жауапкершілік.
- 5) Кәсіпкерлікті дамыту, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және стартаптар құру.
- 6) Тұрақты даму, инфрақұрылымды экологияландыру және көміртек ізін азайту.
- 7) Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және әлемдік рейтингтердегі позицияларды нығайту.
- 8) Ғылым мен өндірісті корпоративтік зертханалар және бірлескен зерттеулер арқылы интеграциялау.

Университеттің миссиясына, көзқарасына және құндылықтарына негізделу.

Саясат барлық мүдделі тараптарды сапаны жақсарту процесіне міндетті түрде тарта отырып, қоғамның игілігі үшін зияткерлік әлеуетті дамытуға ықпал ететін тұрақты білім беру және ғылыми ортаны құруға ұмтылысқа негізделген.

Саясаттың негізгі бағыттары:

1. Сапалы және инновациялық білім беру:

- ✓ Озық оқыту әдістерін (виртуалды шындық, симуляциялар, жобалық оқыту, геймификация) енгізу.
 - ✓ Цифрлық білім беру платформаларын және бейімделгіш жасанды интеллект негізіндегі репетиторларды дамыту.
 - ✓ Білім беру бағдарламаларының халықаралық аккредитациясы және халықаралық рейтингтерге қатысу.
- 2. Ғылыми-зерттеу қызметін дамыту:**
- ✓ Рейтингітік ғылыми журналдарда жарияланымдар санын арттыру.
 - ✓ Инновациялық өнімдер, патенттер және стартаптар құру.
 - ✓ Корпоративтік зертханалар және бірлескен жобалар арқылы өнеркәсіппен белсенді ынтымақтастық.
- 3. Кәсіпкерлікті, технологиялық трансферді және инновацияларды дамыту:**
- ✓ Стартаптарды қолдау экожүйесін құру, студенттік және ғылыми жобаларды дамыту.
 - ✓ Инвестициялар тарту және ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру.
- 4. Жаһандық серіктестік және халықаралық ынтымақтастық:**
- ✓ Шетелдік оқытушылар мен студенттерді тарту.
 - ✓ Академиялық ұтқырлық және қос диплом бағдарламаларын дамыту.
 - ✓ Халықаралық гранттарға және ғылыми бағдарламаларға қатысу.
- 5. Экологиялық тұрақтылық, инфрақұрылым және тұрақты даму:**
- ✓ Энергия тиімді шешімдерді енгізу және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану.
 - ✓ Университеттің көміртек ізін азайту және экологиялық мәдениетті дамыту.
- 6. Түлектермен өзара әрекеттестік:**
- ✓ Түлектердің кәсіби қауымдастықтарын құру.
 - ✓ Менторлық және мансаптық қолдау бағдарламаларын әзірлеу.
- 7. Өзгерістерді басқару**
- ✓ Технологиялық өзгерістер мен нарық талаптарына икемді бейімделу.
 - ✓ Сапаны сыртқы және ішкі аудиттер арқылы бақылау және бағалау (ISO 9001:2015, ESG, ABET, ASIIN).
 - ✓ Біліктілікті арттыру бағдарламалары арқылы оқытушылар мен әкімшілік персоналдың кадрлық әлеуетін дамыту.

Осы Саясат Energo University Даму стратегиясына және тұрақты даму қағидаттарына сәйкес келеді.

Осы Саясат сапаны қамтамасыз ету саласындағы мақсаттар мен іс-шараларды белгілеу мен талдау үшін негіз болып табылады және барлық басқару деңгейлерінде оның жетілдірілуін қамтамасыз етеді.

Осы Саясат Energo University Даму стратегиясына және тұрақты даму қағидаттарына сәйкес келеді.

Осы Саясаттың талаптарын орындамау Energo University қызметінің тиімділігіне кері әсер етуі мүмкін.

Energo University басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін толық жауапкершілік алады және сапа менеджменті жүйесін қолдау мен жетілдіру процесіне барлық қызметкерлерді тартуға қажетті жағдай жасайды.

Energo University қызметкерлерінің барлығы осы міндеттемелерді білуі және өз қызметінде мүлтіксіз орындауы тиіс!

Energo University халықаралық стандарттар мен негізгі стейкхолдерлер талаптарына сәйкес сапаны қамтамасыз ету жүйесін үнемі жетілдіруге ұмтылады.